

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИС ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2025 жылғы 30 сәуірде жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
Е.Б. Көшербаевқа**

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры
Б.Н. Асылыовқа**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Ермек Беделбайұлы!
Құрметті Берік Ноғайұлы!**

Қазіргі таңда «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында барлық оқу орындарын интернетпен қамту мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Ресми деректерге сүйенсек, еліміздегі 5247 ауыл мектебінің 5122-сі интернетке қосылған.

Білім министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен мектептер үшін интернет жылдамдығына қойылатын ең төменгі стандарттар бекітілген. Алайда жүргізілген талдау көрсеткендей, бұл салада әлі де күрделі мәселелер жеткілікті.

Аймақтардағы жағдайды зерделеу барысында, атап айтқанда Ақтөбе, Алматы, Ұлытау, Жамбыл, Түркістан облыстарында ауыл мектептерінің 78%-ында интернет жылдамдығы шартта көрсетілген деңгейдің 50%-ынан төмен екені анықталды. Басқа өңірлерде де осындай жағдай байқалуда.

Ал -Starlink сияқты балама спутниктік интернет технологияларын қолдану әлі күнге дейін күткен нәтижелерді бермей отыр: байланыс жиі үзіліп, жылдамдық тұрақсыз, бұл өз кезегінде онлайн ресурстарды толық пайдалану мүмкіндігін шектейді.

Тағы бір маңызды мәселе — интернет қызметінің сапасын автоматтандырылған түрде бақылау жүйесінің болмауы.

Ауыл мектептерінде сапалы интернеттің болмауы қала және ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасы алшақтығын тереңдетуде. Бұл дегеніміз – Мемлекет басшысының ауыл мен қала мектептерінің алшақтығын жоюға байланысты берген тапсырмасының әлі күнге дейін орындалмауының бір бағыты деп есептейміз.

Бүгінде көптеген оқу бағдарламалары мен ресурстар онлайн форматқа көшкен жағдайда, тұрақты интернеттің болмауы ауыл оқушыларының заманауи білім алу мүмкіндігін шектейді.

Халықаралық тәжірибе – мектептерді тұрақты интернетпен қамтамасыз етудің маңыздылығын айқын көрсетеді. Мысалы, Финляндия тәжірибесі ерекше назар аударуға тұрарлық. 2010 жылы Финляндия интернетке қолжетімділікті әр азаматтың базалық, негізгі құқығы ретінде заңнамалық деңгейде бекіткен алғашқы ел болды. Үкімет шешіміне сәйкес әрбір азамат, тұрғылықты мекеніне қарамастан, секундына кемінде 1 Мбит жылдамдықтағы интернетпен қамтамасыз етілуі тиіс.

«Ақпараттық қоғам бағдарламасы» шеңберінде барлық мектептер жоғары жылдамдықтағы кең жолақты интернетпен және қосымша резервтік арналары бар желілермен жабдықталды. Сонымен қатар, интернет сапасын нақты уақыт режимінде қадағалайтын міндетті бақылау жүйесі енгізілді. Финляндия үлгісі мемлекеттің байланыс қызметтері сапасына жауапкершілікпен араласуын және ауылдық, шалғай аудандарда инфрақұрылымды тұрақты жетілдіруді талап ететінін көрсетеді.

Эстония да «Tiger Leap» жобасы аясында, Канада «Connect to Innovate» федералды бағдарламасы арқылы ауыл мектептерін талшықты-оптикалық интернетпен қамту **мемлекеттік басымдық** ретінде жүзеге асырылуда.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, келесі шараларды қабылдау қажеттілігін атап көрсетеміз:

Біріншіден, еліміздің барлық ауыл мектептерінің интернетке қосылу жағдайына тәуелсіз техникалық мамандарды тарта отырып кешенді тексеру жүргізуді; мектептерді интернетке қосу бойынша барлық іс-әрекеттердің заңдылығын, сапасын және негізділігін тексеруді; жауапты тұлғаларды және әрекетсіздік фактілерін анықтауды; кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тартуды қамтамасыз етуді талап етеміз.

Екіншіден, білім беру ұйымдарындағы интернет жылдамдығы мен сапасын автоматтандырылған мониторинг жүйесі арқылы тұрақты бақылауды енгізу қажет деп есептейміз.

Үшіншіден, ауыл мектептері үшін интернет сапасының нақты ең төменгі талаптарын қайта қарап, тиісті құқықтық актілерге, қажет болған жағдайда білім

туралы заңға өзгерістер енгізіп, оларды орындамаған байланыс операторларының жауапкершілігін заңнамалық тұрғыда бекіту қажет.

Төртіншіден, байланыс және мобильді желі болмаған шалғай ауылдық елді мекендерде жоғары жылдамдықты спутниктік интернетке қосылуды субсидиялау тетігін енгізу мүмкіндігін қарастыру қажет, сонымен қатар білім беру ұйымдарына қызмет көрсететін байланыс операторларының жұмысына мемлекеттік бақылауды күшейту ұсынылады.

Бесіншіден, мемлекеттік сатып алудағы байланыс қызметі келісімшарттарына интернет сапасына қатысты талаптарды нақтылап, орындалмаған жағдайда жоғары сомадағы айыппұл салу тәртібін енгізуді ұсынамыз.

Осы мәселелерді әрқайсысын нақты қарап, заңнамаға сәйкес ресми әрі толық жауап берулеріңізді сұраймыз.

Құрметпен,

«Ауыл» партиясы»

фракциясының депутаттары

Е. Саурықов

С. Егізбаев

Қ. Абден

Н. Арсютин

А. Баққожаев

Ж. Дайрабаев

А. Зейнуллин

Т. Серіков

✍ А.Байжанова

☎ 74-63-92